

БЕКІТІЛГЕН
«Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің шешімімен
2011 жылғы «23» қарашадағы хаттама.

Сақтандыру сыныбы: Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.

ӘУЕ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамымен біржақты тәртіппен әзірленген және әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды. Сонымен қатар, осы Сақтандыру ережелері сақтандыру шарттарын өзге тәсілмен жасасу кезінде тараптардың келісіміне қол жеткізу үшін негіз ретінде алдын ала әзірленген жалпы талаптар болып табылады.

Осы Сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарты бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындайтын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен және шарттарда «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Сақтандырушы" деп аталатын, жеке және заңды тұлғалармен – әуе кемелерінің иелерімен, бұдан әрі "Сақтанушы" деп аталатын, Сақтанушының жоғары қауіптілік көзі болып табылатын әуе кемелерін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін олардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасады.

1.2. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

2. САҚТАНУШЫЛАР

2.1. Осы Сақтандыру ережелері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырушы меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен – әуе кемелерінің иелерімен, оларға меншік құқығымен тиесілі немесе мүліктік жалдау шарттары негізінде не өзге де негіздер бойынша пайдалануға берілген әуе кемелері бар тұлғалармен, зиян келтіру үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасады.

Егер Сақтанушы ретінде заңды тұлға әрекет етсе, онда оның қызметкерлерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде олардың кінәсінен үшінші тұлғаларға келтірілген залал және/немесе зиян өтеледі.

2.2. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.

Сақтанушы – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне өтеді.

3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

3.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру объектілері болып Сақтанушының әуе кемелерін – жоғары қауіптілік көздерін пайдалану кезінде туындайтын төтенше жағдайлар нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал және/немесе зиян үшін міндеттемелеріне байланысты оның азаматтық-құқықтық жауапкершілігімен байланысты мүліктік мүдделері табылады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Қандай жағдайда да әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің шекті мөлшері (Сақтандырушының жауапкершілік шегі) сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасынан және зардап шеккен тұлғалар шеккен тікелей нақты залал мөлшерінен аспайды.

4.2. Ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы тараптардың келісімімен әуе кемесінің ұшуы жүзеге асырылатын елдердің заңнамасында белгіленген мөлшерді ескере отырып айқындалады.

4.3. Сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының әрекет ету орны болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында немесе басқа елдерде туындаған жағдайда,

сақтандыру төлемдері осы аумақта қолданылатын заңнамаға сәйкес айқындалатын зардап шеккен тұлғалардың негізделген талаптары мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.

4.4. Зиян келтіру үшін жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасу кезінде шартсыз немесе шартты франшиза белгіленеді. Франшиза сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолюттік мөлшерде белгіленеді. Франшиза мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және әрбір нақты жағдай үшін жеке белгіленіп, сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетіледі.

4.5. Шартсыз франшиза кезінде белгіленген франшиза сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшиза сомасынан асатын залал толық залал сомасы мен франшиза сомасының арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі.

4.6. Шартты франшиза кезінде белгіленген франшиза сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшиза сомасынан асатын залал толық залал сомасы мөлшерінде өтеледі.

4.7. Сақтандыру сомасынан асатын залалды және/немесе зиянды Сақтанушы өз есебінен өтейді.

4.8. Бірдей объектіге қатысты барлық сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.

4.9. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушыға регресс талап ету құқығы өтеді.

5. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

5.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру тәуекелі болып сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы табылады, олардың туындауы кезінде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті пайда болады.

5.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру жағдайы болып сотпен белгіленген немесе үшінші тұлғамен бітімгершілік келісім жасасу нәтижесінде танылған Сақтанушының өз иелігіндегі әуе кемесінде ұшуларды жүзеге асыруға байланысты кез келген қолайсыз оқиға нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген залалды және/немесе зиянды өтеу міндетінің туындауы табылады.

6. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЛАРЫ

6.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті. Елеулі өзгерістер болып кез келген жағдайда сақтандыру шартында көзделген өзгерістер танылады.

6.2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы шарт талаптарын өзгертуін немесе тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен шартты бұзуды талап етуге құқылы.

6.3. Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы Сақтандыру ережелерінің 6.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы шартты бұзуды және шартты бұзумен келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар шартты бұзу сәтіне дейін жойылған болса, Сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

7.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес өтелуге жататын залал және/немесе зиян құрамынан келесілер алынып тасталады және сақтандыру қорғанысы келесі талаптарға қолданылмайды:

а) сақтандыру аумағында қолданылатын заңнамада көзделген сақтандыру сомаларынан асатын залалды және/немесе зиянды өтеу туралы талаптар;

б) сақтандыру аумағынан тыс келтірілген залалды және/немесе зиянды өтеу туралы талаптар;

в) зардап шегушінің өз денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруге қасақана әрекеттері салдарынан туындаған залалды және/немесе зиянды өтеу туралы талаптар;

г) үшінші тұлғалардың жіберіп алған пайда түріндегі залалды өтеу, сондай-ақ Сақтанушының жүк жөнелтушімен, жолаушымен немесе тапсырыс берушімен жасалған тасымалдау немесе авиациялық жұмыстар шарттарында көзделген айыппұл санкцияларын (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары және т.б.) өндіріп алу туралы талаптары;

д) әуе кемесімен тасымалданатын жүктің жоғалуына немесе бүлінуіне байланысты жүк алушылардың немесе жүк жөнелтушілердің талаптары;

е) Сақтанушының өзі жасасқан шарттар бойынша міндеттемелерін орындамауынан туындайтын талаптар;

ж) Сақтанушының қызметкерлерінің (қызметшілерінің), оның ішінде экипаж мүшелерінің, еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оларға келтірілген зиян туралы талаптары.

7.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын барлық сақтандыру шарттары бойынша, егер сақтандыру жағдайлары келесі жағдайлар нәтижесінде туындаса және үшінші тұлғаларға залал және/немесе зиян келтірілсе, залал өтелмейді:

7.2.1 Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;

7.2.2 Сақтанушының немесе оның өкілінің өрескел абайсыздығы;

7.2.3 Сақтанушының мемлекеттік тіркеу туралы жарамды куәлігі, ұшуға жарамдылығы туралы куәлігі және әуе көлігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін өзге де құжаттары жоқ әуе кемелерін пайдалануы;

7.2.4 авиация саласында қызметті жүзеге асыру кезінде Сақтанушының заңнаманы сақтамауы;

7.2.5 сынақтар, сондай-ақ Сақтанушының арнайы рұқсатты талап ететін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруы;

7.2.6 Сақтанушының немесе оның өкілінің әуе кемелерінің спорттық іс-шаралар мен жарыстарға қатысуы;

7.2.7 кез келген әскери әрекеттер немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары, азаматтық соғыс, революция, көтеріліс, бүлік, билікті басып алу немесе иемдену, қамауға алу, азаматтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және олардың салдары;

7.2.8 Сақтанушының әуе кемесін сақтандыру полисінде/шартта көзделмеген мақсаттарда немесе оны пайдалану аймағынан тыс пайдалануы (егер бұл форс-мажорлық жағдайлардан

туындамаса);

7.2.9 сақтандырылған көлікке арналмаған ұшу-қону жолақтарын немесе алаңдарды пайдалану (мәжбүрлі жағдайларды қоспағанда);

7.2.10 әуе кемесін мұндай құқыққа ие емес немесе осы сыныптағы әуе кемелерін басқаруға рұқсаты жоқ тұлғаның басқаруы;

7.2.11 әуе кемесінің жарияланған жүк көтергіштігінен артық жолаушылар мен жүктерді тасымалдау;

7.2.12 сақтандырылған әуе кемесіне қатысты жасалған террористік акт және саяси себептер бойынша зорлық-зомбылық әрекеттері (жарылыс, басып алу, айдап әкету, маршрутты мәжбүрлі өзгерту, мәжбүрлі қону және т.б.);

7.2.13 мемлекеттік немесе ведомстволық өкімдер;

7.2.14 ядролық реакция, ядролық сәулелену немесе радиоактивтік ластану.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

8.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді.

8.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру полисінің/сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы, сондай-ақ тек сақтандыру шартында немесе Сақтанушыға берілген сақтандыру полисінде көрсетілген елдердің аумағы немесе географиялық шектері болып табылады.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

9.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініші негізінде жасалады. Әуе кемелері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін зиян келтіру үшін сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынады.

Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.

9.2. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру полисі түрінде рәсімделуі мүмкін.

9.3. Егер сақтандыру шартында/сақтандыру полисінде өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бірінші сақтандыру жарнасы Сақтандырушының шотына түскен күннен кейінгі күннің сағат 00 сағат 01 минутынан бастап (немесе сақтандыру сыйлықақысының толық сомасы біржолғы төленген жағдайда) күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

9.4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру полисі Сақтанушыға сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

9.5. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінің көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды. Жоғалған сақтандыру полисінің орнына көшірме берген кезде Сақтандырушы Сақтанушыдан полисті дайындау және рәсімдеу құны мөлшерінде ақша сомасын өндіріп алады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтандырушы міндетті:

1. Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
2. шартта белгіленген мерзімдерде белгіленген нысанда сақтандыру полисін беруге;
3. сақтандыру жағдайы туындаған кезде қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру шартында/сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен,

шартта көзделген мерзім ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға (немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға);

4. сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жұмсаған шығындарды өтеуге;
5. Сақтанушымен қатынастарда құпиялылықты қамтамасыз етуге, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда жария етпеуге;
6. Сақтанушы сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда, осы Сақтандыру ережелерінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сол көлемде және сол мерзімдерде әрекет ететін оның көшірмесін рәсімдеуге.

10.2. Сақтандырушы құқылы:

1. Сақтанушы ұсынған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге. Осы мақсатта Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтанушыға тиесілі әуе кемелерінің жай-күйін, оларды сақтау және пайдалану шарттарын, техникалық қызмет көрсетуін тексеруге және тиісті құжаттаманы зерделеуге, ал сақтандыру шарты/сақтандыру полисі күшіне енгеннен кейін бақылау іс-шараларын жүргізуге, сақтандыру жағдайларын тергеуге қатысуға және оның қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру шартын сүйемелдеумен байланысты өзге де жұмыстарды орындауға құқылы. Тексеру және алдын алу іс-шараларының нәтижелері Сақтандырушы тарапынан жазбаша түрде ресімделеді және Сақтанушыға жіберіледі;
2. егер Сақтанушыға тиесілі әуе кемелері қолданыстағы техникалық талаптарға сәйкес келмесе немесе оларды пайдалану кезінде ұшу қауіпсіздігі талаптарының өрескел бұзушылықтары орын алса, әуе кемелері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудан бас тартуға;
3. келесі жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға:
 - Сақтанушының сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуы;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде және сақтандыру жағдайы туралы әдейі жалған немесе бұрмаланған мәліметтерді хабарлауы;
 - сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламауы;
 - Сақтанушы заңнамада белгіленген тәртіппен мүмкіндігі бола тұра, шартта/полисте белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның салдарымен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған немесе әдейі жалған дәлелдемелер ұсынған жағдайда;
 - Сақтанушының Сақтандырушы анықтаған сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын арттыратын мән-жайларды жою бойынша шараларды қабылдамауы;
 - заңнамада немесе сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда;
4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын шартта/полисте белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда сақтандыру шартын/сақтандыру полисін бұзуға;
5. сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің орындалуы бойынша жоғары шығындылық болған жағдайда, болжанатын бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын жазбаша хабардар ету арқылы оны мерзімінен бұрын бұзуға;
6. қажет болған жағдайда уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;
7. кінәлі тұлғаға регресс талап қою құқығын жүзеге асыруға.

10.3. Сақтанушы міндетті:

1. сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында/сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
2. сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және одан келетін залалды бағалау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға және Сақтандырушы

сұратқан құжаттарды (сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру сомасының экономикалық негіздемесі және басқа да қаржылық және техникалық-экономикалық мәліметтер) ұсынуға;

3. сақтандыру жағдайы туралы шартта/полисте белгіленген мерзімдер мен нысанда Сақтандырушыға хабарлауға және кінәлі тұлғаға регресс құқығын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға;
 4. осы Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандыру объектісі бойынша өзге де қолданыстағы сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
 5. Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
 6. заңды тұлға ретінде таратылған (қайта ұйымдастырылған), өзіне тиесілі әуе кемелерін сатқан немесе мүлктік жалға берген жағдайда Сақтандырушыға:
 - сақтандыру шартын бұзу;
 - құқық мирасқорлығы бойынша сақтандыру шартын қайта ресімдеу;
 - сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша хабарлауға;
 7. Сақтандырушы өкілдеріне сақтандыру шартын/сақтандыру полисін жасасуға және оны қолдану кезеңінде сүйемелдеуге байланысты іс-шараларды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
 8. еңбек ұжымының мүшелерімен және олардың өкілдерімен сақтандыру шарттарының талаптарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізуге. Бұл ретте осы Сақтандыру ережелерінің және жасалған сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің талаптарын білмеу Сақтанушының кінәсінен болған сақтандыру жағдайлары үшін жауапкершіліктен босату негізі бола алмайды;
 9. сақтандыру жағдайынан туындайтын залалды азайту шараларын қабылдауға;
 10. сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
 11. сақтандыру тәуекелінің ағымдағы деңгейін анықтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан ақпаратты ұсынуға.
- 10.4. Сақтанушы құқылы:
1. сақтандыру шарттарының талаптарымен және сақтандыру сыйлықақысы ставкаларының мөлшерімен танысуға;
 2. болжанатын бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын Сақтандырушыны жазбаша хабардар ету арқылы сақтандыру шартын/сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға;
 3. сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;
 4. өз құқықтарын сотта қорғауға.

Осы бапта белгіленген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптар осы Сақтандыру ережелерінің өзге тармақтарында, сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтарды пайдалануға және міндеттерді орындауға құқылы әрі міндетті.

9.6. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір әуе кемесі бойынша жеке тараптардың келісімімен айқындалады.

9.7. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасы мен сақтандыру мерзімінен есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысының ставкалары сақтандыру жағдайының туындау тәуекеліне әсер ететін факторларға байланысты есептеледі (әуе кемесінің жасы, оның жай-күйі, сақтау және пайдалану шарттары және т.б.).

9.8. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан қолма-қол немесе қолма-қолсыз төлеммен төленеді.

9.9. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы немесе бөліп төленуі мүмкін. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) айқындалады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтандырушы міндетті:

1. Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
2. шартта белгіленген мерзімдерде белгіленген нысанда сақтандыру полисін беруге;
3. сақтандыру жағдайы туындаған кезде қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру шартында/сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен, шартта көзделген мерзім ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға (немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға);
4. сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жұмсаған шығындарды өтеуге;
5. Сақтанушымен қатынастарда құпиялылықты қамтамасыз етуге, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда жария етпеуге;
6. Сақтанушы сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда, осы Сақтандыру ережелерінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сол көлемде және сол мерзімдерде әрекет ететін оның көшірмесін рәсімдеуге.

10.2. Сақтандырушы құқылы:

1. Сақтанушы ұсынған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге. Осы мақсатта Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтанушыға тиесілі әуе кемелерінің жай-күйін, оларды сақтау және пайдалану шарттарын, техникалық қызмет көрсетуін тексеруге және тиісті құжаттаманы зерделеуге, ал сақтандыру шарты/сақтандыру полисі күшіне енгеннен кейін бақылау іс-шараларын жүргізуге, сақтандыру жағдайларын тергеуге қатысуға және оның қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру шартын сүйемелдеумен байланысты өзге де жұмыстарды орындауға құқылы. Тексеру және алдын алу іс-шараларының нәтижелері Сақтандырушы тарапынан жазбаша түрде ресімделеді және Сақтанушыға жіберіледі;
2. егер Сақтанушыға тиесілі әуе кемелері қолданыстағы техникалық талаптарға сәйкес келмесе немесе оларды пайдалану кезінде ұшу қауіпсіздігі талаптарының өрескел бұзушылықтары орын алса, әуе кемелері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудан бас тартуға;
3. келесі жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға:
 - Сақтанушының сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуы;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде және сақтандыру жағдайы туралы әдейі жалған немесе бұрмаланған мәліметтерді хабарлауы;
 - сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламауы;
 - Сақтанушы заңнамада белгіленген тәртіппен мүмкіндігі бола тұра, шартта/полисте белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның салдарымен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған немесе әдейі жалған дәлелдемелер ұсынған жағдайда;
 - Сақтанушының Сақтандырушы анықтаған сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын арттыратын мән-жайларды жою бойынша шараларды қабылдамауы;
 - заңнамада немесе сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда;
4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын шартта/полисте белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда сақтандыру шартын/сақтандыру полисін бұзуға;
5. сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің орындалуы бойынша жоғары шығындылық болған жағдайда, болжанатын бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын жазбаша хабардар ету арқылы оны мерзімінен бұрын бұзуға;
6. қажет болған жағдайда уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;

7. кінәлі тұлғаға регресс талап қою құқығын жүзеге асыруға.

10.3. Сақтанушы міндетті:

1. сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында/сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
2. сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және одан келетін залалды бағалау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға және Сақтандырушы сұратқан құжаттарды (сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру сомасының экономикалық негіздемесі және басқа да қаржылық және техникалық-экономикалық мәліметтер) ұсынуға;
3. сақтандыру жағдайы туралы шартта/полисте белгіленген мерзімдер мен нысанда Сақтандырушыға хабарлауға және кінәлі тұлғаға регресс құқығын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға;
4. осы Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандыру объектісі бойынша өзге де қолданыстағы сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
5. Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
6. заңды тұлға ретінде таратылған (қайта ұйымдастырылған), өзіне тиесілі әуе кемелерін сатқан немесе мүліктік жалға берген жағдайда Сақтандырушыға:
 - сақтандыру шартын бұзу;
 - құқық мирасқорлығы бойынша сақтандыру шартын қайта ресімдеу;
 - сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша хабарлауға;
7. Сақтандырушы өкілдеріне сақтандыру шартын/сақтандыру полисін жасасуға және оны қолдану кезеңінде сүйемелдеуге байланысты іс-шараларды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
8. еңбек ұжымының мүшелерімен және олардың өкілдерімен сақтандыру шарттарының талаптарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізуге. Бұл ретте осы Сақтандыру ережелерінің және жасалған сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің талаптарын білмеу Сақтанушының кінәсінен болған сақтандыру жағдайлары үшін жауапкершіліктен босату негізі бола алмайды;
9. сақтандыру жағдайынан туындайтын залалды азайту шараларын қабылдауға;
10. сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
11. сақтандыру тәуекелінің ағымдағы деңгейін анықтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан ақпаратты ұсынуға.

10.4. Сақтанушы құқылы:

1. сақтандыру шарттарының талаптарымен және сақтандыру сыйлықақысы ставкаларының мөлшерімен танысуға;
2. болжанатын бұзу күніне дейін кемінде 30 күн бұрын Сақтандырушыны жазбаша хабардар ету арқылы сақтандыру шартын/сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға;
3. сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;
4. өз құқықтарын сотта қорғауға.

Осы бапта белгіленген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптар осы Сақтандыру ережелерінің өзге тармақтарында, сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтарды пайдалануға және міндеттерді орындауға құқылы әрі міндетті.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

11.1. Болған сақтандыру жағдайы туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу, бірақ кез келген жағдайда 48 сағаттан кешіктірмей жазбаша немесе өзге де қолжетімді тәсілмен хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Сақтанушы сақтандыру жағдайы туралы өтініште сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

11.2. Сақтанушы сақтандыру жағдайына байланысты келесілерді растау үшін уәкілетті органдарға (құқық қорғау органдарына, медициналық мекемелерге, қадағалау органдарына және басқа ұйымдарға) жүгінуге міндетті:

- күні, уақыты;
- орны;
- жеке тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру себептері;
- жеке және заңды тұлғалардың мүлкінің жойылу немесе бүліну себептері, сондай-ақ сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қажет болған жағдайда – зиян дәрежесі мен залал мөлшері.

12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

12.1. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру полисін/сақтандыру шартын және уәкілетті органдардың жеке тұлғалардың денсаулығына зиян келтірудің, жеке және/немесе заңды тұлғалардың мүлкін жоюдың немесе бүлдірудің күні, орны және себептерін растайтын құжаттарын, сондай-ақ сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қажет болған жағдайда – зиян дәрежесі мен залал мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12.2. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты мәліметтерді құқық қорғау органдарынан, медициналық және басқа ұйымдардан, сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпаратқа ие ұйымдардан сұратады, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

12.3. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, Сақтандырушы соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыны хабардар етеді.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (ал ол қайтыс болған жағдайда – сақтандыру төлемін алуға құқығы бар тұлға) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішпен жүгінуге тиіс. Өтінішке залалдың және/немесе зиянның келтірілген фактісін және оның мөлшерін растайтын тиісті құжаттар қоса берілуі тиіс.

13.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру сақтандыру шартымен (сақтандыру полисімен) белгіленген тәртіппен және шарттарда Сақтандыру актісі негізінде жүргізіледі. Сақтандыру актісі сақтандыру жағдайының туындауын растайтын құжаттар негізінде Сақтандырушы тарапынан жасалады.

13.3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемі Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Сақтандыру төлемі қолма-қол немесе қолма-қолсыз төлеммен жүргізіледі. Сақтандыру шартының/сақтандыру полисінің талаптарымен сақтандыру төлемін залалды заттай нысанда өтеумен ауыстыру көзделуі мүмкін.

13.4. Зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемдері оған тиесілі жеке сақтандыру шарттары бойынша төлемдерге қарамастан жүзеге асырылады.

Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиян бойынша тек оның мүлкін сақтандыру шарты

бойынша алынған (немесе алынуға тиіс) сақтандыру төлемдерімен жабылмаған залалдың бөлігі ғана өтеледі.

13.5. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы зардап шегушіге сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

13.6. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде зардап шегушілерге келтірілген залал және/немесе зиян үшін сақтандыру төлемі шарттың аяқталу мерзіміне қарамастан жүзеге асырылады.

14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан негізделген бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 жұмыс күнін құрайды. Мұндай шешім қабылданғаны туралы Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша түрде немесе шынайылығы тіркелуі мүмкін өзге тәсілмен хабардар етеді, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе.

14.2. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен негізделген бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қысқартылған мерзімдер көзделуі мүмкін.

Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім Сақтандырушы тарапынан қабылданады және бас тарту себептерінің негізделген түсіндірмесімен Сақтанушыға жазбаша түрде хабарланады.

15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

15.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылады: а) егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда; б) егер шартта өзгеше көзделмесе, бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде.

15.2. Сақтандыру шарты Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

15.3. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптардың бірі екінші тарапты болжанатын тоқтату күнінен кемінде 30 күн бұрын хабардар етуге міндетті, егер шартта өзгеше көзделмесе.

Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы Сақтанушыға шарттың пайдаланылмаған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысын, шартты мерзімінен бұрын бұзу кестесіне сәйкес, шеккен шығындарын шегере отырып қайтарады.

15.4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды түрде сақтандыру сыйлықақысын қайтарады, ал өзге жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

15.5. Егер Сақтанушының талабы Сақтандырушының сақтандыру шарты талаптарын бұзуына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде қайтарады.

15.6. Шартты жарамсыз деп тану заңда белгіленген тәртіппен мүдделі тұлғаның талабы бойынша жүзеге асырылады.

16. САҚТАНДЫРУ ҚҰПИЯСЫ

16.1. Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының мөлшері, төленген сақтандыру сыйлықақылары, сондай-ақ Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға қатысты сақтандыру шартының өзге де талаптары туралы мәліметтер кіреді.

16.2. Сақтандырушы өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес, сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты сақтандыру нарығының басқа кәсіби қатысушысына ақпарат беру жағдайларын, сондай-ақ заңнамалық актілерде немесе осы Сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

16.3. Сақтандыру құпиясы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) жазбаша келісімі негізінде үшінші тұлғаға ашылуы мүмкін.

16.4. Сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтер ұсынылады:

16.4.1. Сақтанушының (Пайда алушының) өкілдеріне – нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде;

16.4.2. анықтау және алдын ала тергеу органдарына – олардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша;

16.4.3. сотқа – оның өндірісіндегі істер бойынша соттың ұйғарымы негізінде;

16.4.4. прокурорға – оның құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде, оның қарауындағы материалдар бойынша;

16.4.5. уәкілетті мемлекеттік органға – сақтандыру қызметін қадағалауға байланысты мәселелер бойынша және салық қызметі органдарына – олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша.

16.5. Сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтер Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы қайтыс болған жағдайда беріледі:

16.5.1. мұрагерлерге;

16.5.2. соттарға және нотариустарға – олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы немесе нотариустың мөрімен куәландырылған жазбаша сұрауы негізінде. Нотариустың жазбаша сұрауына Сақтанушының қайтыс болғаны туралы құжаттың көшірмесі қоса берілуі тиіс;

16.5.3. шетелдік консулдық мекемелерге – олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.

16.6. Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы шарттары, ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің тізбесі, сақтандыру тарифтері, сақтандыру мерзімдері, сондай-ақ сақтандыру шартының өзге де негізгі талаптары ашық ақпарат болып табылады және сақтандыру құпиясының және коммерциялық құпияның мәні бола алмайды. Сақтандырушы сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді жария еткен жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) келтірілген залалды өтеуді, ал тиісті жағдайларда – моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

17.1. Сақтандыру шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады. Сақтандыру шартынан туындайтын және тараптармен реттелмеген дауларды шешу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары қолданылады. Сақтандырушы немесе Сақтанушы мен шетел мемлекетінің азаматы немесе заңды тұлғасы болып табылатын жәбірленуші арасында дау туындаған жағдайда халықаралық заңнама нормалары немесе жәбірленуші тараптың үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамасының нормалары қолданылуы мүмкін.

17.2. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар келіссөздер арқылы, қажет болған жағдайда арнайы құрылған сараптамалық комиссияны тарта отырып шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

18. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

18.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартына тараптардың келісімі бойынша осы Ережелердің талаптарынан өзгеше ерекше шарттар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.